

**Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 349 қаулысына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

*Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау жөніндегі агенттігі Басқармасының 2005 жылғы 26 наурыздағы N 107 Қаулысы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2005 жылғы 27 сәуірде тіркелді. Тіркеу N 3592. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2012 жылғы 21 қыркүйектегі № 298 Қаулысымен

**Ескерту. Қаулының күші жойылды - ҚР Ұлттық Банкі Басқармасының 2012.09.21 № 298 (мемлекеттік тіркеуден өткізілген күннен бастап күшіне енеді) Қаулысымен.**

Бағалы қағаздар рыногында трансфер-агенттік қызметті реттейтін нормативтік құқықтық актілерді жетілдіру мақсатында Қазақстан Республикасы Қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын реттеу мен қадағалау агенттігінің (бұдан әрі - Агенттік) Басқармасы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ** :

1. Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының "Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру ережесін бекіту туралы" 2003 жылғы 29 қыркүйектегі N 349 қаулысына (Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерін мемлекеттік тіркеу Тізілімінде N 2550 тіркелген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің Хабаршысында N 23, 2003 жыл жарияланған) мынадай өзгерістер мен толықтырулар енгізілсін:

аталған қаулымен бекітілген Қазақстан Республикасының бағалы қағаздар рыногында трансфер-агенттік қызметті жүзеге асыру ережесінде:

1-тармақ мынадай мазмұндағы үшінші абзацпен толықтырылсын:

"1-1) клиент - бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысы, трансфер-агенттің қызметін пайдаланатын немесе пайдалануға ниет білдірген жеке немесе заңды тұлға;" ;

3-тармақта "бағалы қағаздар рыногын" деген сөздер "қаржы нарығын және қаржы ұйымдарын" деген сөздермен ауыстырылсын;

5-тармақтың 2) тармақшасы алып тасталсын; мынадай мазмұндағы 5-1-тармақпен толықтырылсын:

"5-1. Трансфер-агенттің клиенті болып табылатын бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысымен жасалған шарт болған жағдайда жеке немесе заңды тұлғалар трансфер-агенттің клиенттері болып табылады.

Бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушылары болып табылмайтын клиенттер трансфер-агентке мынадай құжаттарды ұсынады:

1) бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушысымен жасалған шарттың к о ш і р м е с і н ;

2) жеке тұлғалар үшін - клиенттің қолы не оның өкілінің қолы бар есепке алу карточкасын, осы карточкаға құжатты қабылдауға уәкілетті трансфер-агент қызметкерінің қатысуымен есепке алу жүргізіледі (бұдан әрі - есепке алу к а р т о ч к а с ы ) ;

заңды тұлғалар үшін - 5-тармақтың 1) тармақшасының үшінші абзацына сәйкес жасалған қол қою үлгілерінің карточкасын.";

8 - т а р м а қ т а :

"және 2) тармақшаларының" деген сөздер алып тасталсын, олардың орнына " тармақшасының" деген сөзбен толықтырылсын;

"5" деген цифрдан кейін "және 5-1-тармақтың 2) тармақшасының" деген сөздермен т о л ы қ т ы р ы л с ы н .

2. Осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он төрт күн өткеннен кейін қолданысқа е н е д і .

3. Бағалы қағаздар рыногының субъектілерін және жинақтаушы зейнетақы қорларын қадағалау департаменті (Тоқобаев Н.Т.):

1) Заң департаментімен (Байсынов М.Б.) бірлесіп осы қаулыны Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеу шараларын қолға а л с ы н ;

2) осы қаулы Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелген күннен бастап он күндік мерзімде оны Агенттіктің мүдделі бөлімшелеріне, "Қазақстан қаржыгерлерінің қауымдастығы" Заңды тұлғалар бірлестігіне, бағалы қағаздар рыногының кәсіби қатысушыларына және Ұлттық почта операторына жіберсін.

4. Халықаралық қатынастар және жұртшылық байланыс бөлімі (Пернебаев Т.Ш.) осы қаулыны Қазақстан Республикасының ресми баспасөз басылымдарында жариялау шараларын қолға алсын.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Агенттік Төрағасының орынбасары Е.Л. Бахмутоваға жүктелсін.

*Төраға*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК